1. Дорофеева Г., Потапов М., Розов Н. Математика. -М.: Дрофа, 2000. -560 с.Бидосов Э. Математиканы оқыту методикасы. Алматы. Мектеп, 1989ж.
2. Темірғалиев Н., Әубәкір Б., Баилов Е., Потапов М. К., Шерниязов Қ. Алгебра және анализ бастамалары.Орта мектептің жаратылыстану және физика-математика бағытындағы 10-11 сыныптарына арналған оқулық. Алматы: Жазушы, 2002. -382 б.Дорофеева Г., Потапов М., Розов Н. *Математика.* -М.: Дрофа, 2000. -560б.

ОҚУШЫЛАРДЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

Баймурзаева А. Б.
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей, Қазақстан
E-mail: Ancara-muz05@mail.ru

Әлемдік білім беру кеңістігіне ену бағыт алғандықтан, білімді, қоғамда өз орнын таба білетін, интеллектуалды әлеуеті жоғары тұлға қалыптастыру - қазіргі уақыт талабы.

Білім беру, ғылымды дамыту - жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе. Қазіргі қоғам ептілікті, ерекше ойлау қызметінің болуын талап етеді. Бүгінгі таңда мектеп оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, қызығушылығын арттыруы қажет. Сол мақсатта өткізілетін жұмыстардың бірі – пәндік олимпиадалар өткізу.

Олимпиаданың мақсаттары:

- шығармашыл ойлайтын, дарындыларды анықтау;
- оқушылардың шығармашыл дамуына жан – жақты көмектесу;
- ғылыми білімдердің насихатталуы;
- оқушылардың ой – өрісін кеңейту;
- өздік жұмыс дағдысын қалыптастыру;
- кәсіптік бағдарды анықтауда жоғары сынып оқушыларына көмек көрсету.

Математикалық олимпиада қабілетті оқушыларды анықтап қана қоймай, пәнді терең меңгертуге, пәнге деген қызығушылығын арттыруға жәрдемдеседі. Математикалық олимпиадада берілетін есептерді шығару арқылы оқушылар өз бетінше есеп шығарудың тиімді тәсілдерін іздестіре отырып, өз бетінше жұмыс істей алуға, қиындықты жеңе білуге үйренеді.

Олимпиадаға дайындауға мұғалім өте үлкен үлес қосады. Мұғалім - инновациялық технологиямен қаруланған, рухани дамыған, шығармашыл, білікті маман.

Мұғалім олимпиаданың мектептік кезеңінде таңдалған оқушыларды келесі күрделі кезеңдерге дайындайды. Бұл мұғалімнен өзінің пәні бойынша терең білімді, олимпиадалық тапсырмаларды шебер орындауды және оқушыларды осы ерекше жұмыс формасына дайындаудың әдістемесін меңгеруді талап етеді.

Мұғалім тарапынан, олимпиада - өзін - өзі танытудың жолы екенін мектеп оқушыларына көрсетуі өте маңызды. Оқушыларды олимпиадаға дайындап жүрген математика мұғалімінен күрделі әрі қиын есептерді шешудегі тәжірибенің бар болуы талап етіледі.

Сондықтан әрбір мұғалім

- өзінің кәсіби және интеллектуалды деңгейін үнемі арттырып отыруы;
- оқушының жүрегіне жол таба білуі.
- жаңа озық технологияларды игеруі;
- шығармашылық бағытта жан – жақты дамыта алуы;
- пәнге деген ынтасын арттыра отырып, қызығушылығын тудыруы;
- ғылыми білімге деген көзқарасын қалыптастыруы;
- оқушылардың математикалық білім деңгейлерін жоғарлатуы;
- пән бойынша алған білімдерін алдағы өмірде қолдана білуі үшін математикалық білімді тереңірек меңгертуі қажет.

Олимпиаданың ең басты құндылығы оқушылардың математикалық мәдениеті, интеллектуалды деңгейінің жоғарылауын бағалаудан тұрады. Сондықтан осы мәдениет пен интеллектуалды деңгейді көтеру үшін оқушыларды математикалық олимпиадаға дайындау қажет.

«Егеменді елдің тірегі – білімді ұрпақ» деп Елбасы айтқандай, еліміздің болашағы жастардың қолында болғандықтан, жас ұрпақты бәсекеге қабілетті, білімді де, білікті етіп шығару әрбір ұстаздың басты міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фарков А. В. *Математические олимпиады: методика подготовки:* 5 – 8 классы. – М.: ВАКО, 2012.
2. Баймурзаева А. *Оқушыны олимпиадалық есептерді шешуге баулу.* //Математика, механика және информатика пәндерінен V Республикалық студенттік ғылыми – практикалық конференциясының баяндамалар жинағы. Астана, 2013.

МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДА ТЕҢДЕУЛЕР ҚҰРУҒА БЕРІЛЕТІН ЕСЕПТЕРДІҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Жанабай А.М., Шегирова Д.К.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
E-mail: dalema_k@mail.ru

Оқушыларды мектеп қабырғасында теңдеулер мен теңдеулер жүйесінің қолданбалы және теориялық-математикалық желілерімен байланысын құру бағыттарын игерту мәселесі теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешуге үйрету, материалдарды талдау мен сапалы игерту мәселесімен тығыз байланысты. Орта мектепте теңдеулер мен теңдеулер жүйесіне байланысты материалдар математика жоспарының негізгі бөлігін құрайды, оған себеп теңдеулер мен теңдеулер жүйесінің маңызды қолданбалы есептерді шығаруда кең қолданыс табуы.

Сонымен теңдеуді алгебраның негізгі ұғымы ретінде қарастыру алгебраның дамуындағы үш фактімен негізделеді:

а) теңдеулер сөз есептерді шығарудың құралы;

б) теңдеулер алгебрадағы оқу объектісі бола алатын ерекше бір формула;

в) теңдеулер кеңістіктегі (жазықтықтағы) координата нүктелерін немесе сандарды жанамалай анықтайтын формула.

Орта мектептерде теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешу әдістерін беру кезінде қойылатын іргелі мақсаттардың қатарында есептерді тиімді шешу дағдылары мен іскерліктерін дамыту проблемасы жатыр. Сондықтан орта мектепте теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешуге оқыту әдістемесін құру, оқушылардың теориялық білімдерін нақтылаудың, оларды практикада қолдана алу эптіліктерін қалыптастырудың басты құралы ретінде қарастырудың маңыздылығы артуда.

Математикада теңдеуді де, теңдеулер жүйесін де өмірде болған немесе болып жатқан құбылысты зерттеу құралы ретінде пайдаланады. Теңдеу мен теңдеулер жүйесі туралы ұғым қалыптастырғанда келесі мәселелерді шешу керектігі туындайды:

1. Құрылымы әртүрлі теңдеулердің шешімдерін табу әдістеріне үйреткеннен кейін теңдеулер жүйесінің шешімдерін табуға үйрету.

2. Теңдеу мен теңдеулер жүйесінің есептемелерін біріктіріп табуға үйрету.

Теңдеулер мен теңдеулер жүйесі теориясы орта мектепте оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыта алатындай, өз алдына ғылыми-педагогикалық маңызы бар негізгі оқу материалы болып есептеледі. Ол оқушыларды айқын дұрыс ойлауға, шамаларды салыстыра білуге дағдыландырады. Сонымен қатар теңдеу мен теңдеулер жүйесін меңгеру, оқушылардың есептерді әр түрлі тәсілдермен шығарып, ішінен ең қарапайым, тиімдісін таңдап алуға үйретеді. Теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешуді оқушылар күнделікті кездестіретін айналасындағы фактілермен байланыстырған жөн. Егер де тарихқа үңілетін болсақ, практикалық есептерді шығарудың алгебралық әдістерінің бастамасы ежелгі ғылым әлемімен байланысты. Сол кездің өзінде де теңдеулер мен теңдеулер жүйесін құруды талап ететін есептер пайда бола бастады. Алғашқыда мұндай есептерді шығару үшін арифметикалық әдістер қолданылды. Одан әрі алгебралық жағын қарастыру қалыптаса бастады.

Теңдеулер мен теңдеулер жүйесі сонымен қатар функционалдық бағыттармен тығыз байланысты. Осындай байланыстардың ең негізгісі ол функцияларды зерттеуге теңдеулер құрастыру әдістерін қолдану. Бір жағынан функционалдық бағыт теңдеулер мен теңдеулер жүйесі желісінің мазмұнына және оларды үйрену түріне де біршама ықпал етеді. Негізінде функционалдық бағыт теңдеулер мен теңдеулер жүйесін зерттеу мен шешуде графиктік көрнекілікті қолдануды қажет етеді. Ал адамдардың күнделікті өмірінде осылардың барлығы да өте қажет болатыны да белгілі.

Қазіргі уақытқа дейінгі теңдеулер мен теңдеулер жүйесінің дамуында әр түрлі әдістердің өзгеріп, жаңарып отыруы осы ұғымдардың нақтылануы мен басқа да математиканың бөлімдерімен байланысын ескеріп отыруды қажет етеді. Сол себептен де теңдеу және теңдеулер жүйесі жалпы математикалық ұғым жағынан да көп аспектілі болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Бидосов Э. Математиканы оқыту методикасы. Алматы. Мектеп, 1989ж.

2 Красильникова В.А. Білімді ақпараттандыру ісінің түсініктемелік аппараты // Информатика негіздері. – 2005. –№4.- Б.2-6.

3 Қаңлыбаев Қ.И. және т.б. Математиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. Алматы. Дәуір, 2013ж.

ФОРМИРОВАНИЕ ИКТ-КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО МАТЕМАТИКА

Жумаханова Д.А., Мусатаева И.С.
Государственный университет имени Шакарима г.Семей, Казахстан
E-mail: aizekanur@mail.ru, botagoz_malika@mail.ru

Основная задача высшего образования заключается в формировании профессиональной компетентности специалиста, способного к инновационной деятельности в информационном обществе, которое сегодня предъявляет особые требования к специалистам, их профессиональной компетентности, одной из важнейших составляющих которой является ИКТ-компетентность. В связи с этим в данном труде выполняется попытка обосновать необходимость профессиональной подготовки будущих математиков в области информационных технологий. ИКТ–компетентность математика становится важной составляющей его профессионализма.

Кредитная технология обучения, на которую перешли вузы Казахстана, дает большие возможности преподавателям кафедр при составлении учебных планов предлагать студентам курсы по выбору, при изучении которых будет формироваться ИКТ-компетентность будущего специалиста. Такие элективные дисциплины должны ориентировать студентов специальности «Математика» на применение информационных технологий в своей предметной области, иметь практическую направленность и носить математико-ориентированный характер.

Будущим математикам необходимо давать представление о распространенных математических программных средствах, помочь детально в них разобраться. К ожидаемым результатам обучения относится приобретение будущими специалистами навыков анализировать достоинства и ограничения используемого в каждой программной среде математического инструментария. Например, изучить возможности системы математических расчетов MATLAB, систем компьютерной алгебры Maple, Mathematica, универсальной системы MathCAD или других программ для решения задач линейной алгебры, математического анализа, задач оптимизации, обработки экспериментальных данных, решения обыкновенных дифференциальных уравнений и т.п. В процессе обучения студенты должны учиться давать оценку используемым программным пакетам с точки зрения современных требований к ИТ, их диалоговых характеристик и качества реализации сервиса для пользователя. Практическая направленность занятий позволит овладеть основными приемами, лучше понять природу математических пакетов, использующихся для сложных расчетов.

Процесс формирования ИКТ-компетентности математика подразумевает развитие компетенций в сфере ИКТ – это не только наличие представлений о едином информационном пространстве,б сетевых технологиях и возможностях их использования в профессиональной деятельности; не только наличие общих представлений о графических возможностях ИКТ и овладение возможностями компьютера для обработки математических данных; это и владение приемами подготовки рабочих документов средствами офисных технологий; владение простейшими приемами подготовки графических иллюстраций для наглядных материалов, используемых в деятельности; владение базовыми сервисами и технологиями Интернета в контексте их использования в профессиональной деятельности и др.

Однако практический опыт показывает, что выпускники вузов далеко не всегда обладают квалифицированными умениями отбора нужной информации, анализа полученных данных, умениями моделировать, проектировать, реализовывать проекты, а также решать учебные задачи с использованием программного обеспечения в предметной деятельности (т. е. элементами информационной компетентности). Они должны обладать не только знаниевым компонентом – достаточным уровнем функциональной грамотности в сфере ИКТ, но и деятельностным – умением эффективно и обоснованно применять ИКТ в деятельности для решения профессиональных, социальных и личностных задач. Заключительный этап становления информационной компетентности специалистов происходит в дальнейшем в их профессиональной деятельности при использовании информационных технологий.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Басурматорова Л.А., Хуснутдинова Л. С. *Роль ИКТ-компететности учителей-предметников в образовательном процессе: Информационные технологии в образовании* / Электрон. издан. - М.: Изд-во ИТО - Томск, 2009.

2. Крутова Е.В. *Формирование базового уровня информационной компетентности учителя математики*: автореферат дисс ... к.п.н.: 13.00.02.- Москва, 2008.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗБЕТІМЕН ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жусанбаев С.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
E-mail: szh1946@gmail.com

Жоғары білім берудің негізгі міндеті- маманды жан-жақты білімді, өрісі кең, өзін-өзі әрі қарай дамыта алатындай және өздігімен білімін көтере алатындай етіп тәрбиелеу. Олай болса, студентті пассивті қолданушылықтан арылтып, мәселені қоя білетін, оның шешімінің жолын талдай алатын және оның оптимальді нәтижесін тауып, оның дұрыстығын дәлелдей алатындай дәрежеге жеткізу қажет. Осы тұрғыдан қарағанда студенттің өз-бетімен істейтін жұмысының (СӨЖ) ролі артады және оны ұйымдастыру қажеттігі мәселесі туындайды. Бұл жағдайда студенттің өзбетімен істейтін жұмысы оқу процесінің бір маңызды бөлігі болып қана қалмай, ол негізгі бөлігі болуы қажет. Студенттің өз-бетімен істейтін жұмысы, оны ұйымдастыру түрлері мен әдістері, нәтижелерін мониторингтеу қазіргі замандағы вуз практикасының оқу процесінің ең осал тұсы болып отыр, әсіресе төмегі курстардағы жалпы проффессионалдық пәндер циклдерінде, соның ішінде жоғары математика курсы үшін.

СӨЖ-ді ұйымдастырудың негізгі принципі- барлық студенттерді жеке-дара жұмыстарға көшіруге байланысты, тапсырманы формальді түрде орындауынан гөрі, қойылған проблеманы өз пікірімен, белсенді түрде шешуге үйрету болып келеді. СӨЖ-дің мақсаты – студентті саналы түрде өзбетімен жұмыс істеуге үйрету арқылы, өзін-өзі ұйымдастыруға және өзін-өзі тәрбиелеуге баулу. Жеке тапсырманы әрбір студентке немесе топ студенттерінің бір бөлігіне де беруге болады. Соңғы жағдайда творчестволық сөз–жарыс, тапсырманы саралау, олардың белсенділігін арттырады (әрине ол тапсырманы орындаушылар презентация түрінде өткізген жағдайда).

Университеттің математика мен механика мамандықтарынан басқа мамандықтардың бакалаврларына жоғары математикадан оқылатын дәрістер мен практикалық сабақтар қысқарған қазіргі кезде, студенттердің өзбетімен атқаратын жұмыстарының ролі артатындығы айтпаса да түсінікті. Студенттердің сол өзбетімен орындалатын жұмыстарын оқытушылар, әсіресе дәріскерлер, дұрыс ұйымдастырған жағдайда олардың математикадан білімдері толық және мазмұнды болады.

Силабустар дайындалғанда дәріскер әрбір тақырыптар (теориялық) бойынша сол тақырыптың СӨЖ-ге бөлінетін сағаттарына байланысты студенттердің өздері оқып, талдауын керек ететінін нақты көрсетуі тиіс және сол өзбетімен дайындалған жұмыстарды дәріскер бақылауға алуы керек. Осы бақылау ең қиын мәселе екені айтпаса да түсінікті. Бұл мәселені, менің ойымша, шешудің бір жолы студенттер сол өзбетімен дайындаған тақырыптарын бір дәптерге жинақтап, аралық бақылау кезінде, дәріскерге көрсетуі керек, әрі таңдама түрде дәріскердің қойған сұрақтарына жауап беруі тиіс немесе ол тапсырмаларды топ студенттерінің бір бөлігі бірігіп орындаған жағдайда творчестволық сөз–жарыс пен тапсырманы саралауды ұйымдастыру арқылы студенттердің түсінігін тексерген абзал. Семестрде екі рет аралық бақылау болатындығын ескерсек, өзбетімен жұмыс істеуге арналған бұл теориялық тақырыптарға толық бақылау жасау мүмкіндігі туындайды. Ал енді практикалық есептерге келсек, ол жағы студенттердің әрқайсысының өз нұсқасын жүйелі түрде шығаруы арқылы, барлық тақырыптарға арналған есептер бойынша қамтылады. Әрине дәріскер ол студенттердің шығарған нұсқаларын жүйелі түрде тексеріп отырса ғана мұндай мүмкіндік орындалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Государственный общеобразовательный стандарт образования РК высшее образование.* Бакалавриат. Основные положения. ГОСО РК 5.04.019-2011. Астана, 2011 г.

2. Фаустова Э.Н. *Студент нового времени: социокультурный профиль.* – М. 2004 г.- 72 с. (Система воспитания в высшей школе: Аналитические обзоры по основным направлениям развития высшего образования /НИИВО; Вып. 4).

КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДАН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Искакова Г.Ш., Сыздыкова Р.А., Шаукенова К.С., Орумбаева Н.Т.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
E-mail: iskakova.1975@mail.ru, shaukenovak@mail.ru

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңына сәйкес “Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту” сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Себебі ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғарғы дайындығы бар білікті мамандар қажет. Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында кредиттік технологияны енгізу мамандарды дайындаудың сапасын жақсартуға, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жаңадан өңдеуге негізделген. Оқытушы енді тек сабақ беріп қана қоймай қалай оқу керек, білімді қалай алу керек, өздік жұмысты өз бетімен қалай орындау керек екенін үйретеді. Студенттің өздік жұмысының рөлі артады, сабақ беру сапасына талап күшейеді. Өздік жұмысы жоқ дәріс - маман дайындай алмайтындығы туралы бұрыннан белгілі.

Өздік жұмысы жоғарғы білім алуда және оқудың әртүрлі бөлімдерінде түрімен және мазмұнымен ерекшеленеді. Егер 1 және 2 курстарда дәріспен тығыз жұмыс істеу, практикалық сабақтарға дайындалу, үй тапсырмасын орындау, реферат жазу болса, жоғарғы курстарда өздік жұмысы қиындай түседі және алған білімдерін тереңдете оқуға тура келеді: курстық жұмыстарды және дипломдық жұмыстарды жазу керек.

Бірінші курста математикалық талдаудан студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін қарастырайық. Бұл өздік жұмыстарды орындау мәнерін анықтау үшін біз математикалық талдау пәнін оқыту барысында келесі талаптарды қоямыз:

- бірінші курсқа математикалық талдау пәнінің негізін меңгерулері үшін білімді жеткілікті түрде түсіндіру;
- мектеп курсынан белгілі сұрақтарды математикалық талдау пәнімен байланыстыра отырып, олардың білім деңгейін жүйелеу және кеңейту.

Сонымен, төменгі курстарда өздік жұмыстың тағы бір түрі бар, ол үй тапсырмасы. Қалыптасқан үй тапсырмасын студенттердің барлығы дерлік шығармауы мүмкін, оны тексеруге көп уақыт та керек, көпшілігі көшіріп алады.

Сондықтан өздік жұмысты ұйымдастыру үшін келесі жағдайларды қарастырайық. Үй жұмысы екіге бөлінеді: бірінші бөлігі (5-10 есептен аспайды) келесі сабаққа дейін орындауға ұсынылады, және бірінші сабақта студенттер семестрде өтілетін тақырыптар бойынша тапсырмалар алады (семестрлік есеп). Әдетте, бұл жеке тапсырма, көлемі үлкен болады, бірақ студент орындау кезеңін өзі жоспарлайды.

Бірінші курс үшін семестрлік есепке жоғары оқу орындарының есептері ғана емес, мектеп курсының әртүрлі оқулықтарынан да есептер алынады. Тапсырманы жеке дәптерге орындау керек, соңында пайдаланған әдебиеттер және тақырып пен есептің нөмірін келтіреді.

Осылайша, бірінші курсты аяқтағанда әрбір студент әртүрлі оқулықтардан алынған шешілген есептердің оқу құралын жазып шығады. Бұл, келешекте есептердің шешу жолдары бар дайын оқу құралы ретінде пайдалануға болады және болашақта қажет болады. Сонымен қатар, семестрлік есепті егжей-тегжей орындау барысында әрбір студент басқа бір мақсатқа қол жеткізуі мүмкін, кейбір студенттер олқылықтарының орнын толтыруы мүмкін.

Семестрлік есепті орындау барысында студенттің пәнді меңгеру қабілеті жоғарылай түседі: әрбір есепті жеке орындай алу үшін студент әрбір тақырыпты өзі жетік білуге ұмтылады.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңына сәйкес “Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, лантын, абілетін дамыту” сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғарғы дайындығы бар, білікті, мамандар қажет. Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында кредиттік технологияны енгізу мамандарды дайындаудың сапасын жақсартуға, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жаңадан өңдеуге негізделген.

Оқытушы енді тек сабақ беріп қана қоймай қалай оқу керек, білімді қалай алу керек, өздік жұмысты өз бетімен қалай орындау керек екенін үйретеді. Студенттің өздік жұмысының рөлі артады, сабақ беру сапасына талап күшейеді. Өздік жұмысы жоқ дәріс - маман дайындай алмайтындығы туралы бұрыннан белгілі.

Өздік жұмысы жоғарғы білім алуда және оқудың әртүрлі бөлімдерінде түрімен және мазмұнымен ерекшеленеді. Егер 1 және 2 курстарда дәріспен тығыз жұмыс істеу, практикалық сабақтарға дайындалу, үй тапсырмасын орындау, реферат жазу болса, жоғарғы курстарда өздік жұмысы қиындай түседі және алған білімдерін тереңдете оқуға тура келеді: курстық жұмыстарды және дипломдық жұмыстарды жазу керек.

Бірінші курста математикалық талдаудан студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін қарастырайық. Бұл өздік жұмыстарды орындау мәнерін анықтау үшін біз математикалық талдау пәнін оқыту барысында келесі талаптарды қоямыз:

- бірінші курсқа математикалық талдау пәнінің негізін меңгерулері үшін білімді жеткілікті түрде түсіндіру;
- мектеп курсынан белгілі сұрақтарды математикалық талдау пәнімен байланыстыра отырып, олардың білім деңгейін жүйелеу және кеңейту.

Сонымен, төменгі курстарда өздік жұмыстың тағы бір түрі бар, ол үй тапсырмасы. Қалыптасқан үй тапсырмасын студенттердің барлығы дерлік шығармауы мүмкін, оны тексеруге көп уақыт та керек, көпшілігі көшіріп алады.

Сондықтан өздік жұмысты ұйымдастыру үшін келесі жағдайларды қарастырайық. Үй жұмысын екіге бөлсек: бірінші бөлігінде (5-10 есептен аспайды) келесі сабаққа дейін орындауға ұсынылады, және бірінші сабақта студенттер семестрде өтілетін тақырыптар бойынша тапсырмалар алады, яғни семестрлік есеп. Әдетте, бұл жеке тапсырма, көлемі үлкен болады, бірақ студент орындау кезеңін өзі жоспарлайды.

Бірінші курс үшін семестрлік есепке жоғары оқу орындарының есептері ғана емес, мектеп курсының әртүрлі оқулықтарынан да есептер алынады. Тапсырманы жеке дәптерге орындау керек, соңында пайдаланған әдебиеттер және тақырып пен есептің нөмірін келтіреді.

Осылайша, бірінші курсты аяқтағанда әрбір студент әртүрлі оқулықтардан алынған шешілген есептердің оқу құралын жазып шығады. Бұл, келешекте есептердің шешу жолдары бар дайын оқу құралы ретінде пайдалануға болады және болашақта қажет болады. Сонымен қатар, семестрлік есепті егжей-тегжей орындау барысында әрбір студент басқа бір мақсатқа қол жеткізуі мүмкін, кейбір студенттер олқылықтарының орнын толтыруы мүмкін.

Семестрлік есепті орындау барысында студенттің пәнді меңгеру қабілеті жоғарылай түседі: әрбір есепті жеке орындай алу үшін студент әрбір тақырыпты өзі жетік білуге ұмтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *ҚР жоғарғы білімінің мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты.* Бакалавр. Негізгі жағдайы. ҚР МЖББС 5.04.019-2011. Астана, 2011 ж.

ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ПО МАТЕМАТИКЕ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Исмагамбетова И. Х.
КГУ «Гимназия города Балхаш»

Важнейшей составляющей учебного процесса в школе является самостоятельная работа учащихся, так как только в ходе самостоятельной работы происходит накопление знаний, формирование умений и навыков.

Самостоятельность - это способность ребёнка самому приобретать знания под руководством учителя или без него, умение выбрать главное, проанализировать прочитанное. Активная самостоятельная работа ученика развивает его творческие способности. Учебная самостоятельность - это, прежде всего, способность выходить за границы известного, заученного и двигаться дальше - в неизвестное.

Под самостоятельной работой учеников, обычно понимают любую организованную учителем активную деятельность учащихся, направленную на выполнение поставленной дидактической цели, в специально отведённое для этого время: поиск знаний, их осмысление, закрепление и развитие умений и навыков, обобщение и систематизация знаний.

Эффективность самостоятельной работы зависит от комплексного планирования её содержания, внедрения современных образовательных технологий, а также от обеспеченности учебного процесса научной и дополнительной литературой. Самостоятельная работа учащегося включает работу в аудитории и вне аудитории. Самостоятельная работа в аудитории – это семинары, практические занятия под руководством преподавателя. Выполнение самостоятельной работы на занятиях с проверкой результатов преподавателем приучает учащихся правильно выполнять поставленные задачи, приучает грамотно использовать теоретический и справочный материал. В результате чего происходит понимание необходимости подготовки к теории, осмысленного конспектирования задаваемого материала.

Самостоятельная работа вне аудитории включает консультации, подготовку домашних заданий (решение примеров, задач и т. д.), работа с учебной и дополнительной литературой. Организация самостоятельной работы заключается в создании условий высокой активности, самостоятельности, ответственности учащихся в школе и вне школы в ходе всех видов учебной деятельности. Возможны два пути реализации этой цели - первый – увеличение самостоятельной работы в школе, второй – увеличение самостоятельной работы дома. В первом случае возрастает нагрузка преподавателя, так как требует разработки таких методик, которые обеспечат высокий уровень подготовки учащихся, во втором случае- необходимо научить ученика осмысленно работать сначала с учебной, а затем с дополнительной литературой. Основная цель правильной организации самостоятельной заложить основы самоорганизации и в дальнейшем непрерывно повышать свою профессиональную квалификацию творческому применению полученных знаний, быть конкурентоспособным на рынке образовательных услуг. Таким образом, не всякую практическую работу можно назвать самостоятельной. Перед самостоятельными работами ставится цель формировать самостоятельность учащихся, научить их самостоятельно приобретать знания, творчески мыслить.

Как дидактическое явление, самостоятельная работа представляет собой, с одной стороны, учебное задание, то есть то, что должен выполнить ученик, с другой - форму проявления соответствующей деятельности памяти, мышления, воображения при выполнении учеником учебного задания, которое, в конечном счёте приводит школьника к получению совершенно нового, ранее неизвестного ему значения, либо к углублению и расширению сферы действия уже полученных знаний.

Чтобы знания превратились в умения и навыки, необходимо, чтобы учащиеся действовали. Активная учебно-познавательная деятельность предполагает практические действия учащихся. Знания не могут быть переданы в готовом виде, они усваиваются осмысленно в процессе определенных действий, при этом важно, чтобы учащиеся самостоятельно выполняли эти действия, причем степень самостоятельности выполнения работ от класса к классу должна возрастать.

Самостоятельная работа как метод обучения может использоваться на всех этапах процесса обучения математике. Но во всех случаях необходимо учить учащихся приемам самостоятельной работы.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Демидова С.И., Денищева Л.О. *Самостоятельность учащихся при обучении математике.* - М.: Просвещение, 1990

ВЕКТОРЛЫҚ ӘДІСТІ ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Капарова А.А., Шегирова Д.К.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
E-mail: dalema_k@mail.ru

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында айқын көрсетілгендей, қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқу бағдарламаларын өзгертуді, оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздеп отырғаны анық. Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне республика мектептерін көтерудің тиімді жолы - білім беру саласын толықтай ақпараттандыру.

Математикадан сабақ беру әдістемесі педагогикалық ғылымдар жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Қазіргі заман – математика ғылымының өте жан-жақты тараған кезеңі. Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Қазіргі ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс- әрекеттерін ұйымдастыра отырып оқушылардың құзіреттілігін дамытуға болады.

Математика талаптарына сәйкес вектор ұғымы мектеп математикасы курсында жетекші ұғымдардың бірі болып табылады. Векторлық әдіс - геометриялық қатынастар мен ұғымдар векторлық терминдермен қалыптасатын теоремаларды дәлелдеудің және есептерді шешудің математикалық тәсілі.

Мектеп курсында векторды геометрия курсында қарастырады. Вектор ұғымының геометрияда қолданылуы кейбір күрделі геометриялық ұғымдарды ықшамды айтуға, геометриялық есептерді шығарудың ерекше бір әдісін табуға мүмкіндік береді. Векторлық әдістің геометрияда қолданылуын екі топқа бөлуге болады. 1) Векторлық амалдарды оқып-үйрену барысында геометриялық фигуралардың және оның қасиеттерін колдана отырып шығарылатын есептер. 2) Геометрияда вектор әдісімен теоремаларды дәлелдеу.

Мектеп курсында векторлық әдісті оқытудың әдістемесі толығымен жасақталған. Оның оқытудың түрлі әдістері қолданылады. Соның ішінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану әдістемесі әлі де жеткіліксіз.

Векторлық әдіске үйрету барысында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, оқушылардың тақырыпты тез әрі жүйелі түрде меңгеруіне, өздігінен есеп шығаруына, кейбір мәліметтерді қозғалыс түрінде модельдеуге, гипермәтінді түсіндірулерді құру барысында уақытты үнемдеуге, қажетті мәліметтерді жылдам табуға, суреттер мен сызбалармен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Мысалы, вектор тақырыптарына жасалған арнайы презентациялар мен флипчарттар оқушыларға ұғымдарды жүйелі қабылдауға және сызбаларды көзбен көруге мүмкіндік жасап, берілген анықтаманы естеріне жақсы сақтап қалуға септігін тигізеді. Жаңа тақырыпты меңгергеннен кейін оқушыларға есептің үлгілері мен сабақты бекітуге есептерді интерактивті тақтада беруге болады. Нәтижесінде оқушылар есептерді қызығушылықпен, әрі тез шығарады. Сондай-ақ, оқушылар тақырыпты бекітуге арналған есептер мен тапсырмаларды орындап болғаннан соң жасырын тұрған жауаптарды флипчарттардан көре алады. Бұл сабақта уақытты үнемдеуге және жаңа анимациялық слайдтар оқушылардың назарын сабаққа аударуға септігін тигізеді.

Векторлық әдісті жаңа ақпараттық технологиямен оқытудың тиімділігі:

- Тақырыпты жүйелі түрде меңгеру;
- Суреттер мен вектордың бағытын көру мүмкіндігі;
- Жазықтықта және кеңістіктегі векторлардың орналасуын қарастыру мүмкіндігі;
- Векторлар тақырыбындағы әр қилы формулалармен жұмыс істеу мүмкіндігі.

Оқушылардың векторлық әдісті меңгеруде, шығармашылық қабілет пен ойлау дербестігін дамытуда жаңа ақпараттық технологиялардың алатын орны зор. Сондықтан векторлық әдісті оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өте маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қаңлыбаев Қ.И. және т.б. *Математиканы оқыту әдістемесі.*-Алматы: Дәуір, 2013.
2. Мәлібекова М.С., Исаева К.Р. *Дербес компьютерді оқу процесінде қолдану.* – Алматы: Ғалым, 2001.
3. Бердалиева А.А. *Математикалық әдістерді оқыту әдістемесі:* Жоғары оқу орындарындағы математика факультеті «050109-математика» мамандығында оқитын студенттерге арналған оқу құралы. – Қарағанды, 2007.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫН ИГЕРУДІҢ ЭМПИРИКАЛЫҚ ӘДІСІ

Каримова Д.М., Жұбанышева А.Ж.
Л.Н. Гумелев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
E-mail: dinar.kar@mail.ru

Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін күнделікті өмірде қолдану деңгейі жыл сайын артып келеді. Оған сақтандыру жүйесінің біздің өміріміздє кең орын алуы, ірі ұйымдарда анализ және болжау, тәуекелдер бөлімдерінің көптеп ашылуы дәлел.

Сол себепті 1999 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептерде математика пәнінің бағдарламаларына ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері енгізілді. Бұл тақырыпты баяндау оқулық авторларына үлкен жауапкершілік артады. Айталық, жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған [1] оқулығының бесінші тарауында келесі анықтамалары берілген: *«**Оқиға** деп қандай да бір сынақ (тәжірибе, бақылау, эксперимент және т.с.с.) нәтижесін айтуға болады. Ал осы сынақ нәтижесінде оқиғаның орындалуы да, орындалмауы да мүмкін болса, онда бұл оқиғаны **кездейсоқ оқиға** деп атаймыз.Мысалы, тиын тастағанда, оның елтаңба жағымен түсуі кездейсоқ оқиға, себебі тиынды бір рет тастағанда түсуі де, түспеуі де мүмкін».*

Бұл анықтама бойынша оқиға тек бір ғана элементар оқиғадан тұруы мүмкін, ал оқиға дегеніміз ол элементар оқиғалар жиынының жиыншасы (дербес жағдайда бір элементар оқиғадан тұруы мүмкін). Кейін кездейсоқ оқиға анықтамасын беріп, оқушыларда осы екі ұғым екі түрлі деген түсінік қалыптастырады.

[2] мақаласында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мектеп бағдарламасының материалын игеруде анализдің эмпирикалық әдісі ұсынылған. Әдіс келесі этаптардан тұрады:

1. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарламалық материалдар әрқайсысы 15-30 минут болатын, сараптамаға және әдістемелік шешімі талдауға жататын тақырыптарға бөлінген.
2. Оқушылардың жастарына қарай топтар құрылады.
3. Жастарына қарай құрылған топтардың әрқайсысы мен сәйкес осы берілген әдістеме бойынша 15-30 минуттық сабақтар жүргізіледі.
4. Тақырыпты меңгеру деңгейін тексеру үшін уақытқа байланысты екі түрдегі бақылау, ал бұл – а) Тура сабақтан кейін, б) Тақырып бойынша жазбаша материалдарды әрі қарай оқу барысында өтеді. Бақылау түрлері бойынша: жеке – тек «сол сәтте» және «кейін» немесе жалпылай - «сол сәтте» және «кейін» тексеру өткізуге болады, ал бұл сабақтың қорытындысы бойынша және материалды ары қарай игеру барысында қосымша ақпарат береді.
5. Бақылау әртүрлі формада болады – ауызша сұрау, жазбаша жұмыс және тестілеу.
6. Игеру дәрежесіне байланысты баға – сәйкес аналитикалық өңдеу кезіндегі талаптарға негізделіп қойылады.
7. Қорытындылар мен ұсыныстар – тақырыптар мен жастарына қарай бөлінген топтар бойынша жасалады.
8. Әлеуметтік топтар, өңірлер, елдер т.т. бойынша салыстыруға болады.

[2] мақаладағы этаптарға сүйеніп, мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты мектеп бағдарламасындағы ықтималдықтар теориясын игерудің эмпирикалық әдісін жүргізудің әдістемелік нұсқаулары дайындалуда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шыныбеков Ә.Н. Алгебра: *Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық*.- Алматы: Атамұра,2003.-175 бет.

2. Джумакаева Г.Т., Темиргалиев Н. *Метод анализа возрастных способностей учащихся к усвоению учебного материала* // Вест. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, №1 (80), 2011, с.39-50.

МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ - ДАМЫТУШЫЛЫҚ ӘДІСТІ ҚОЛДАНУ

Қауымбек И.С., Қосыбаева У.А.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
E-mail: umit1980@mail.ru

Оқыту әдісі мұғалім мен оқушылардың мақсатты бағытталған қызметтерінің өзара байланысты, тізбектелген тәсілдерін қамтиды. Кез келген оқыту әдісінің мақсаты, қызметтер жүйесі, оқыту құралдары мен белгіленген нәтижесі болады. Оқытушы әдетте оқыту үрдісінде әртүрлі әдістерді қолданады. Қандай да бір жалғыз әдіс таза күйінде жоспарланған тек арнайы немесе зерттеу мақсаттарында қолданылуы мүмкін.

Қазіргі заман оқыту әдістері теориясына бүгінде әртүрлі негіздер бар:
танымдық қызмет сипаты бойынша: түсіндірмелі-иллюстративтік (әңгіме, лекция, әңгімелеу, демонстрация және т.б); репродуктивтік (есептер шешу, тәжірибені қайталау және т.б.); проблемалық (проблемалық есептер, танымдық есептер және т.б.); эвристикалық (жарым-жартылай ізденушілік); зерттеушілік.

2) Қызмет компоненттері (құрамдас бөліктері) бойынша: ұйымдастыру-әрекеттік – оқу-танымдық қызметтерді ұйымдастыру мен іске асыру әдістері; ынталандырушы - оқу-танымдық қызметтерді ынталандырушы және дәлелдеуші әдістері; бақылаушы-бағалаушы - оқу-танымдық қызметтердің тиімділігін бақылау және бағалау әдістері.

3) Дидактикалық мақсаттары бойынша: жаңа білімді оқып-үйрену әдістері; білімді бекіту әдістері; бақылау әдістері.

4) Оқу материалын баяндау тәсілдері бойынша: монологтық-информациялық-хабарлайшылық(әңгіме, лекция, түсіндіру); диалогтық (проблемалық баяндау, әңгімелесу, диспут).

5) Оқу қызметін ұйымдастыру формалары бойынша;

6) Оқушылардың өзіндік белсенділігінің деңгейі бойынша;

7) Білім беру көздері бойынша: ауызша (әңгіме, лекция, әңгімелесу, нұсқау беру, дискуссия); көрнекі (демонстрация, иллюстрация, схема, материалды көрсету және т.б); практикалық (жаттығулар, лабороториялық жұмыс, практикум).

8) Тұлғаның құрылымын есепке алу бойынша: сана (сана-сезім, ой) (әңгіме, әңгімелесу, нұсқау, мысал көрсету); мінез-құлық (бет алыс, бағыт) (жаттығу, тренировка); ынталандыру-сезімі (қолдау, мақтау, бақылау және т.б).

Жоғарыда көрсетілген классификация дидактикалық аспекте қарастырылады. Оқыту әдісін әр тақырып үшін таңдау – бұл шығармашылық жұмыс, дегенмен ол жалпы оқыту теориясына негізделген. Оқыту әдістерін бөлуге, универсалдауға немесе бір-біріне бөліп қарауға болмайды.

Қолдану жағдайына қарай бір әдіс тиімді немесе тиімсіз болуы мүмкін. Уақыт өте білім мазмұны математикаға оқытудың жаңа әдістерін туғызады.

Мұғалім қолданатын оқыту әдістерінің жіктелуі: білімдерді алғашқы рет меңгеруге бағытталған (ақпараттық- дамытушылық; проблемалық- іздеушілік); білімді толық жетілдіруге және іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға бағытталған (репродуктивтік; творчестволық- репродуктивтік).

Ақпараттық-дамытушылық әдіс екі класқа бөлінеді:

1. дайын күйінде ақпарат беру (лекция, түсіндіру, оқу кино, видиофильмдерді көрсету, магнит таспасын тыңдау);
2. білімді өз бетімен алу (кітаппен өз бетінше жұмыс, оқу бағдарламаларымен, ақпараттық технологиямен жұмыс).

Осы әдістердің көмегімен мектеп математикасында қамтылатын тақырыптардың басым бөлігі оқытылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бидосов Э. Математиканы оқыту методикасы. Алматы. Мектеп, 1989ж.
2. Красильникова В.А. Білімді ақпараттандыру ісінің түсініктемелік аппараты // Информатика негіздері. – 2005. –№4.- Б.2-6.
3. Темербекова А.А. Методика преподавания математики. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Гуманнит. Изд. центр ВЛАДОС, 2003. - 176с.

АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНБАЛЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Кервенев Қ.Е., Бейсенова Д.Р., Медеубаев Н.Қ.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан
E-maiI: kervenev@bk.ru, dana_68_11@mail.ru

Бүгінгі таңда компьютерлік технология қоғамдық өмірдің барлық саласында, сонымен қатар білім саласында да қарқынды енгізіліп отыр. Білімді ақпараттандыру проблемасы көп жақты мәселе және оның негізі бағыттарының бірі – компьютерлік технологияны пәндерді оқып-үйренуде көмекші құрал ретінде кең түрде қолдану болып табылады. Компьютердің әмбебаптылығы, бейімділігі, ауқымдылығы, дамытушылығы, қолжетімділігі сияқты қасиеттері оқыту үрдісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп, оны сапалы, жаңа бір сатыға көтереді. Сонымен, компьютердің бағдарламаланылуы динамикалық бейімделумен үйлесіп, оның тұтастығын сақтай отырып, оқу үрдісін жекелендіруге әсер етеді.

Сондықтан, оқушылардың жеке мүмкіндіктері негізінде, оқыту үрдісін қолданбалы бағдарламалық жабдықты қолданып ұйымдастыру проблемасы өзекті болып отыр. Осы мәселені шешудің маңызды аспектілерінің бірі – қолданбалы бағдарламалық жабдықты кешенді пайдалану жағдайында орта мектепте математиканы оқыту әдістемесін жасау болып табылады.

Арнайы бағдарламалық құралдарды алгебра және анализ бастамалары пәнін оқытуда пайдалану: оқушылардың мотивациялық негізін арттыруға; шығармашылық қабілетін дамытуға; математикалық ойлауын қалыптастыруға; оқушыларды зерттеу жұмыстарына жұмылдыруға; өзін-өзі басқаруға; есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.[1]

Белгілі бір бағытта жасалған компьютерлік бағдарламалар қазіргі заманғы компьютерлік технологиялардың жетістіктерін, яғни жоғары сапалы графиканы, анимацияны, дыбыстық қолдауды, бейнероликтерді және мультимедияның басқа да құралдарын пайдалануы тиіс.

Пәнді оқыту кезінде қолданбалы бағдарламаларды қолдану арқылы нақты бір ақпаратты бергенде төмендегі принциптерді қанағаттандырылуы тиіс:[2]

Қолданбалы бағдарламалық жабдықта оқу материалдары белгілі бір жастағы оқушылардың меңгерген білім жүйесіне сәйкес келіп, оқушының үйренген тілінде жатық баяндалуы қажет. Басқаша айтқанда, оқу материалдарының баяндалуы оқушыға түсінікті болу керек, бірақта, өте жеңіл болмауы тиіс. Өйткені, материал жеңіл болса, оқушының оған деген қызығушылығы азаяды.

Қолданбалы бағдарламалық жабдықтар ақпаратты көрнекі қабылдауға, ал жоғары сыныптардың оқушыларына арналғаны ақпаратты логикалық ойлау арқылы қабылдауға бағытталған болуы керек.

Қолданбалы бағдарламалық жабдықтар оқушылардың көрнекі, сондай-ақ, логикалық ойлауын да дамытуы қажет.

Сабақта электрондық құрылғылардың әр түрлері қолданылады: аудио-видео түрдегі бейнелеулер мен көрсетілімдер; алынған болжамдар мен шешімдерді қайтадан тексерумен, проблемалық сұрақтарды қою және өзінде иллюстративтік материалдардың үйлесуі бар қосымша; тест, кроссворд, басқатырғыш түрінде білімді өзіндік және фронтальды тексеру; бір сабақта білімнің әр түрлі саласын кірістіре отырып, әлемді қабылдау бейнесін қамтып, материалды толығымен көрсетуге мүкіндік беретін тақырып бойынша сабақтың формасын жасап шығару; Visual Basic бағдарламалау тілін қолдана отырып, сабақтарға электрондық берілімдер жасап шығару ол оқушының компьютермен үздік байланысына (объективті-бағытты бағдарламаны қабылдаған, оқытушымен орындалады) негізделген.

Функцияларды зерттеу тақырыптарына арнайы анимациялық бағдарлама «*Flash* анимация бағдарламасын» қолдану орынды. Бұл бағдарлама бүгінде өзінің құралдары бойынша ыңғайлылығымен ерекше сұраныста ие болып отыр. Аталмыш бағдарлама құрамында: векторлық графика; анимацияларды қолдау; интерфейстің интербелсенді элементтерін құру мүмкіндігі; әртүрлі графикалық форматтарды қолдау (сонымен қатар растрлы графикалы да); Flash фильмдерді HTMLформатына қосу; Flash фильмдерін Web- браузерде көру мүмкіндігі; әртүрлі визуальді саймандардың болуы арқасында функция графигінің барлық қырын ашып көрсету мүмкіндігі болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шапиро И. М. *Использование задач с практическим содержанием в преподавании математики.* М.: Просвещение 1990, 95с.
2. Свириденко С. С. *Современные информационные технологии.* М.: Радио и связь 1989, 302с.

ОБУЧЕНИЕ ВИЗУАЛЬНОМУ ПРОГРАММИРОВАНИЮ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

Омаров Г.Т., Омарова Ш.Е., Шаяхметова Б.К., Искакова Г.Ш.
Карагандинский Экономический университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан
Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан
E-mail: omarov-gali@mail.ru, sheo_1953@mail.ru, kazahzavod@mail.ru

Современные потребности образовательных, производственных и коммерческих структур выдвинули программные обеспечения в ряд наиболее важных определяющих, и в рамках рассматриваемый задачи его роль и значимость переоценить невозможно.

Методики, используемые преподавателями и студентами, зависят, от комплекса различных факторов, как, например, профессионализм, уровень подготовки студента, техническая обеспеченность и многих других, и конечно же уровня информационной подготовленности. Информационная подготовленность – это понимание не только пакета элементарных компьютерных программ, а осознание значимости и огромного потенциала процессов информатизации, осознание правовых, социальных, психологических и других аспектов функционирования и практического использования совокупности специальных программ, умения максимально эффективно применить имеющиеся возможности и найти новые пути в преодолении существующих проблем [1].

При изучении визуального программирования необходимо акцентуировать свое внимание на нижеследующем: мы проходим четыре фазы (этапа) проекта: начальная фаза, уточнение, конструирование и ввод в действие.

Рассмотрим вышеуказанный материал в разрезе создания и апробирования спецкурса посвященного визуальному программированию. Содержание спецкурса, на основе которого изучаются этапы создания программных продуктов для сложных систем это системный анализ, который задает общие, верные для всей системы в целом ограничения требования. Необходимость системного анализа явно проявляется, когда формируется интерфейс программного обеспечения с другими элементами (аппаратурой, персоналом, базами данных).

Содержание данного спецкурса, с помощью которого осуществляется подготовка студентов информационных специальностей к профессиональной деятельности, определено современным уровнем развития программного обеспечения. Для обоснования содержания спецкурса использовался метод экспертных групповых оценок.

В рамках спецкурса исследуется каждая из вышеперечисленных фаз (этапов). Опыт показывает, что использование и создание программного продукта с применением визуального программирования в значительной степени способствует формированию и развитию интеллектуального потенциала обучаемого, совершенствованию форм и содержания учебного процесса, внедрению инновационных процесса, внедрению инновационных методов в обучение и дают возможность разрешать на новом уровне имеющиеся проблемы [2].

Безусловно, внедрение новейших информационных технологий во все сферы деятельности современного вуза обеспечивает качественное улучшение форм и содержания обучения, создает возможность формирования у будущих специалистов не только навыков работы с вычислительной техникой, поиска и корректной обработки информации при решении профессиональных задач, а главное - способствует формированию современного, умеющего адаптироваться в изменчивом и динамично меняющемся пространстве информационно-грамотного и культурного профессионала [3].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Шаяхметова Б.К., Омаров Т.Е. *О предполагаемых подходах к совершенствованию содержания образования специалистов по информационным системам.* // Вестн. Караганд. Ун-та Сер. Педагогика, 2006-№1 (41) - с. 92-95

2. Егоров В., Омаров Т., Шаяхметова Б. *Использование понятий системного анализа в процессе преподавания программирования.* – Калининград: Изд. КГТУ, 2006 – с. 275-279

3. ГОСТ – 19. *Единая система программной документации.* УДК 651.7/.78:681.3.06:002:006.354. Группа Т55 СССР.

МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫ КУРСЫНДА ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ САЛУЛАР ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Омирбекова А.Е., Оразбекова Р.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазахстан

E-mail: raushan-0202@mail.ru

Қазіргі таңда қоғамның өркендеп, ғылыми-техниканың дамуы әр салада білім мен іскерліктің ғылыми деңгейлігін қажет етеді. Сондықтан, білім беру жүйелерінің сапасын арттыру, мектептегі білім деңгейін көтеру басты мәселенің біріне айналып отыр. Оқытудың сапасын қажетті деңгейге көтеру, оның заман талабына сай болуы білім жүйесінің маңызды құраушыларының бірі болатын ғылыми ұғымдарды оқушылардың толық меңгеруін жетілдіруді талап етеді. Мектеп геометриясы курсындағы геометриялық салу есептерін шешу солардың бірі болып саналады [1].

Геометриядағы салу есептерін шешу көптеген ойлау шеберлігін қолдануды талап етеді. Берілген жағдайды талдай білу, оның жасырын қасиеттерін көрсете отырып, алдында шешілген есепті шешіп отырған есептің берілгені мен іздеу әдіс-тәсілдерін сәйкестіндіре білу керек; ойлау тәжірибесін жүзеге асыра отырып, қарапайым математикалық модельдерді қалыптастыра білу керек; есепті шешу үшін ақпаратты талдап, оны жүйелендіріп, жинақтай білу керек; өз ойын сызба түрінде қысқа бейнелей білу керек. Сонымен қатар, есепті шешу кезіндегі алынған жауапты объективті түрде бағалау, есепті шешу кезінде нәтежиелерді дәлелдеу, берілген жағдайдын ерекше көріністерін зерттеу қажет.

Геометриялық салу есептерін шешуде үш негізгі әдісті атап өтуге болады: геометриялық орындар әдісі, геометриялық түрлендіру әдісі және алгебралық әдіс.

Алдыңғы жылдары мектеп планиметрия курсында салу есептері оқытудың арнайы объектісі болған еді, ал қазіргі мектеп геометриясы курсында геометриялық салуларды оқыту эпизодтық сипат алып отыр [2].

Жалпы білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – оқыту үдерісін ақпараттандыру. Аталған бағытты жүзеге асыру үшін жаңа буын оқулықтарын электрондық нұсқаға аудару қажет.

Электронды оқу бағдарламасының мазмұны оқушының интеллектуалды ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы қажет және ол жинақтылық, жүйелілік, эстетикалық көркемділігі, жылдамдылығы сияқты қасиеттерді қанағаттандыруы керек [3].

Электронды оқу бағдарламасы қашықтан оқыту пішініне негізделіп жасақталады.

Осы уақытқа дейін бақылаушы, жаттықтырушы, модельдеуші, дидактикалық ойындар сияқты қолданбалы бағдарламалар қолданылып келді. Бұл бағдарламалар оқушының өздігінен оқып-үйренуіне және өзіндік жұмыс жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Электронды оқу бағдарламасын құрастырған кезде онда мәтіндік ақпараттан гөрі графиктік ақпарат көбірек қамтылуы керек, себебі ол оқушының ақпаратты тез, әрі көрнекі түрде қабылдауына жағдай жасайды.

Материалдың мұндай түрде бейнеленуі оқушының есте сақтау қабілетінің дамуына және өткен материалды ұмытпай, оны дамытуына игі әсерін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аргунов Б.И., Балк М.Б. *Жазықтықтағы геометриялық салулар.*- М., ОПБ, 1957ж.
2. Четверухин Н.Ф. *Методы геометрических построений.* – 2-е изд. -М., 1952.-148 с.
3. *Геометрия пәнін жаңаша оқыту барысында пайда болатын кейбір ерекшеліктер жөнінде* // Ізденіс–Поиск. – Алматы, 2005. – №.3–272–274 бб. (А. Әмірбекұлымен авт. бірл.).

БЕЙІНДІК МЕКТЕПТЕГІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Оразбекова Л.Н., Қадырова А.С.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: orazbekova.lyazat@yandex.ru

Жалпыға міндетті білім беру және бейіндік оқуға дайынду концепциясында бейіндік оқыту мектептік мазмұнды кәсіби білім мазмұнымен сабақтастыруды, сонымен қатар бейіндік пәнді дайындау тереңдігін қамтамасыз етеді делінген [1]. Ал РФ математикалық білім беруді дамыту концепциясында қазіргі математикалық білім беру кезеңіне білім беру бағдарламаларының шамадан тыс жүктелінуі, мазмұнның ескіргендігі, жалаңдығы, өмірмен байланыссыздығы тән, сонымен қатар білім беру сатылары арасында сабақтастық сақталмаған деп сипатталған [2]. Математиканың мектептік мазмұны ғасырлар бойы қалыптасып, математика ғылымымен ілесе дамып отырды. Қандай да бір жаңалықтар қажетті әлде тиімді болғандықтан мектеп мазмұнына сәйкестендіріліп енгізіліп келді (шек, туынды, интегал, стохастика элементері және т.б.). Математикада жаңа сала пайда болып (информатика), ол да мектепте оқытылуы қажет болды. Осындай даму мен енгізулер басқа ғылым саласында да жүріп жатты. Ештеңе алынбады. Бір кездері жан-жақты терең білім алуға қолайлы мектептік оқыту кеңістігі тарылып, оқушылардың басы, кезінде К.Д.Ушинский ескерткендей, қанар тәріздес, шала меңгерілген мәліметтер мен ой елегінен өткізілмеген идеяларға толды[3].

Қалыптасқан жағдай, не себепті математикалық есепті шығарып жауабын алуға қарағанда, оқушының осы жауапқа келу жолынадғы жасалған іс-әрекеттері педагог-әдіскерлердің, біздің де, зерттеу объектісі болғандығын айқындайтындай.

Бейіндік мектептегі математикалық мазмұн әр кәсіптік бағытқа сәйкес анықталуда. Әр бағыттың өзіндік мазмұнын анықтауда сабақтастық сақталуы үшін, оқыту үдерісін жүйелі қарауға мүмкіндік беретін сабақтастық жүйесі құрылуы қажет. Осы бағыттағы зерттеу нәтижесінде *математикалық білім берудің сабақтастық жүйесі* құрылды. Бұл жүйенің үш жүйежасаушы бөліктері – мақсатты-мазмұндық бөлік, іс-әрекеттік жобалау бөлігі, рефлекстік бөлік – арқылы жалғыз жазықтық жүргізіліп, осы жазықтықта оқу үдерісі өз-ара байланыса сабақтаса дамиды. Осы жазықтықтағы оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға алып келетін мынандай кезеңдер бар: оқу іс-әрекеті, оқу-танымдық іс-әрекеті, ғылыми білім алу іс-әрекеті, ғылыми зерттеу іс-әрекеті. Бұл кезеңдер әрқайсысы алдыңғысын кеңейтіп, оның негізінде дамып жаңа түрге ие болып отырады. Мысалы, бейіналды мектепте натурал сандардың қосындысын $\sum_{i=1}^{n} i$ арифметикалық прогрессияның бастапқы n мүшесінің қосындысы деп тапса, бейіндік мектепте $S_p = \sum_{i=1}^{n} i^p, (p = 1,2)$ оны математикалық индукция әдісін меңгеру кезінде қарастыруға болады. Бейіндік мектептің келесі жылында $S_p = \sum_{i=1}^{n} i^p, (p = 1,2,3,4, ...)$ қосындыны рекуреттік қатынас түрінде алуға болады. Бұдан кейін осы S_p қосындылар арасында қандай байланыс бар екен деген заңды сұрақ туынары сөзсіз. Бұл сұрақтың шешімін іздеуі – оқушының ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуы. Әрине, оқушының ғылыми зерттеуге қызығушылығы әр кезде басталуы мүмкін. Қарастырған мысал көлемінде, Пифагорлық білім жүйесіндегі сандар қасиеттерін геометриялық көруге болатындығы бейіндік мектепке дейінгі оқушының ғылыми зерттеуге деген сұранысын қанағаттандырады. Оған қоса арифметикалық білімін жүйелендіреді, жаңа бағыт сілтейді [4].

Бұл жердегі тағы бір үлкен мәселе мұғалімнің іс-әрекет деңгейі. Бейіндік мектеп мұғалімінің ерекшелігі оның әр кезде оқушының жас ерекшелігіне сай, ондағы бар білімге сай зерттеу жұмысын ұсынуы, немесе оқушы қызығушылық танытқан кезде оған бағыт бағдар бере алатын деңгейде болуы. Бұл мұғалімнің әдістемелік ғылыми зерттеу жұмысымен айналысып жүргендігінің белгісі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *«12-летнее образования»*, №12, 2006 г.
2. *Концепция развития математического образования в РФ.*
3. К.Д.Ушинский. Избранные труды. Кн 1: *Проблемы педагогики.* – М.: Дрофа, 2005. –638 с.
4. Волошников А.В. *Пифагор: союз истины, добра и красоты.* – М.: Просвещение, 1993. – 224 с.

МЕТОДИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ПО ДИСЦИПЛИНЕ ТЕОРИЯ ВЕРОЯТНОСТЕЙ И МАТЕМАТИЧЕСКАЯ СТАТИСТИКА СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «5В060100-МАТЕМАТИКА»

Рахимжанова С.К.
Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
E-mail: srahimzhanova@mail.ru

В 2010 году Республика Казахстан официально вошла в состав стран-участниц Болонского процесса. Это повлекло за собой активное реформирование высшего образования: осуществлен переход к кредитной технологии обучения. Евразийский университет вместе с другими вузами страны решает важные задачи вхождения в Единое европейское образовательное пространство.

Согласно требованиям кредитной технологии обучения большая часть учебной нагрузки переносится на самостоятельную работу обучающегося, поэтому особую важность приобретает задача методического обеспечения самостоятельной работы. В «Методических рекомендациях по разработке учебно-методических пособий дисциплин» [3, 26-28], разработанных в Евразийском университете, определены понятия самостоятельной работы обучающегося (СРО) и самостоятельной работы обучающегося под руководством преподавателя (СРСП), приведены также нормы времени СРО.

Цель самостоятельной работы обучающихся – систематическое изучение дисциплин в течение семестра, закрепление и углубление полученных знаний и навыков, подготовка к предстоящим занятиям, а также формирование культуры умственного труда и самостоятельности в поиске и приобретении новых знаний и умений, и, в том числе, формирование компетенций.

«Теория вероятностей и математическая статистика» является профильной дисциплиной обязательного компонента для специальности «5В060100 - Математика», общий объем учебной нагрузки по дисциплине составляет 150 часов (3 кредита): из них аудиторных – 60 часов (лекции – 30 часов, лабораторные занятия – 30 часов), СРО – 90 часов. Старшими преподавателями кафедры Фундаментальной математики механико-математического факультета Рахимжановой С.К. и Сейлхановой Д.К. подготовлено к печати методическое пособие по теории вероятностей и математической статистике. Методическое пособие составлено на основе многолетнего опыта преподавания данной дисциплины студентам математических специальностей. Оно состоит из 15 разделов и включает в себя подбор задач согласно программе дисциплины, теоретическую аннотацию по теме, методические рекомендации по решению задач, приведено полное решение ключевых задач, представлены вопросы для самоконтроля по рассматриваемой теме. В настоящее время проходит апробация данного пособия: в качестве индивидуального домашнего задания студентам предлагаются задачи из данной рукописи. Количество и различный уровень сложности задач позволяет преподавателю сформировать варианты заданий с учетом степени успеваемости студента. Выполненные задания студенты представляют и защищают во время проведения СРСП. Оцениваются по 100-балльной системе и выставляются в Platonus в разделе SRO.

В пособии приведены также темы рефератов по изучаемому курсу, которые студенты могут подготовить по желанию. Методическое пособие планируется выпустить на русском и казахском языках.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. *Правила организации учебного процесса по кредитной технологии обучения.* Утверждены приказом Министра № 152 от 20 апреля 2011.
2. *ГОСО РК Высшее образование. Бакалавриат. Основные положения.* – Астана, 2011.
3. Нурманбетова Д.Н., Нефедова Л.В. *Методические рекомендации по разработке учебно- методических пособий дисциплин.* – Астана: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева. – 2011.
4. Гнеденко Б.В. *Курс теории вероятностей.* – М.: Высшая школа, 1974.
5. Захаров В.К., Севастьянов Б.А., Чистяков В.П. *Теория вероятностей.* – М.: Наука, Главная редакция физико-математической науки, 1983. – 160 с.
6. Вентцель Е.С. *Теория вероятностей.* – М.: Наука, 1982.
7. Гмурман В.Е. *Руководство к решению задач по теории вероятностей и математической статистике.* – М.: Высшая школа, 1975.

МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ТЕҢДЕУ МЕН ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сагидоллақызы А.
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей, Қазақстан
E-mail: al_mira143@mail.ru

Мектеп математика курсында бастауыш сыныптардан бастап қаралатын негізгі тақырыптардың бірі алгебралық теңдеулерді шешу. Оқушылардың білімін талапқа сай қалыптастыру үшін теңдеулерді шешу әдістерін оқушыларға практикалық тұрғыда жеткізудің нәтижелі болатыны белгілі. Алгебралық теңдеулерді шешудің төмендегідей негізгі әдістерін білеміз: 1) Теңбе-теңтүрлендіру; 2) Айнымалыларды ауыстыру; 3) Көбейткіштерге жіктеу; 4) Мәндес теңдеулерге көшу.

Теңдеуді шешу жолдарын сан түрлі әдістермен жазып көрсетуге болады, бірақ ескеретін жағдайлар бар. Орындалған теңбе-тең түрлендірулер математикалық тілде, математикалық символдарды пайдалана отырып мүмкіндігінше толық көрсетілу керек. Ең негізгісі математикалық қате кетпесе, қосымша қажетті зертеулер жүргізілсе (анықталу облысы, мәндерінің жиыны, т.с.с.), жауабы толық негізделіп берілсе жеткілікті. Жалпы мектеп курсындағы кез келген теңдеулерді шешу барысында үш жағдай кездеседі: а) теңдеудің түбірлері болатын жағдай; ә) теңдеудің түбірлері болмайтын жағдай; б) теңдеудің түбірлері шексіз сандар жиыны болатын жағдай. Тақырыпты өткен кезде бірнеше мысалдар келтіріліп, есептер беріледі. Әйтсе де, түсіндіру барысында оқушылармен қосымша жұмысты көбірек жүргізген жөн. Теңдеулер мен теңдеулер жүйесі теориясы орта мектепте оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыта алатындай, өз алдына ғылыми-педагогикалық маңызы бар негізгі оқу материалы болып есептеледі. Сондықтан есеп шығару барысында оқушылардың шығармашылық қабілеті, ізденімпаздылық, төзімділік қасиеттері қалыптасады. Осы қасиеттер арқылы теңдеу шешудің тиімді жолдарын таңдап алады. Осы орайда,төмендегі мысалдарды қарастырайық:

Мысал. Теңдеу жүйесін құруға берілген есеп.

Су қоймасына диаметрлері әртүрлі 2 құбырдан су жіберілді.Бірінші күні екі құбырдан бір уақытта 14 м^3 су жиналды. Екінші күні тек диаметрі кіші құбыр ғана іске қосылды. Ол бірінші күнге қарағанда 5 сағат артық жұмыс істей отырып 14 м^3 су құйды. Үшінші күні жұмыс уақыты екінші күнгідей болды, бірақ алдымен екі құбырдан бірге 21 м^3 су жіберіліп, содан соң тек диаметрі үлкен құбырдан 20 м^3 су құйылды.Әрбір құбырдың жұмыс өнімділігін табу керек.

Шешуі: Үлкен құбырдын өнімділігі- *x м^3/сағ.* Кіші құбырдың өнімділігі- у *м^3/сағ.* Бірінші күнде екі құбырдың жұмыс уақыты – t сағ.

Бірінші күні құбыр су құйды, шарт бойынша 14 м^3. Осыдан: (x+y)t=14. Екінші күні кіші құбыр y(t+5) м^3 су құйды, шарт бойынша 14 м^3. Осыдан: y(t+5)=14.Үшінші күні басында екі құбыр жұмыс істеді , берілген су 21 м^3, оның жұмысы 20/x сағ болды. Бұдан $\frac{21}{x+y}$ + $\frac{20}{x}$=$t+5$.

Енді біз теңдеулер жүйесін құрамыз:

$$\begin{cases} (x+y)=14 \\ y(t+5)=14 \\ \dfrac{21}{x+y}+\dfrac{20}{x}=t+5. \end{cases}$$

Осыдан x=5, y=2 табамыз. Есептің шарты бойынша x>0 ,y>0 болғандықтан x және y мәндері қанағаттандырады. Демек,үлкен құбырдың өнімділігі 5 $м^3/сағ.$ ал кіші құбырдың өнімділігі 2 $м^3/сағ.$

Орта мектепте теңдеулер мен теңдеулер жүйесіне байланысты материалдар математиканың негізгі бөлігін құрайды, өйткені теңдеулер мен теңдеулер жүйесі математиканың әр бөлімдерінде және маңызды қолданбалы есептерді шығаруда кең қолданыс табады.

Математикада теңдеуді де, теңдеулер жүйесі де өмірде болған немесе болып жатқан құбылысты зерттеу құралы ретінде пайдаланады. Теңдеу арқылы процестің дәл шешімі зерттелсе, ал теңдеулер жүйесі арқылы белгілі бір аралықтағы қозғалыс зерттеледі. Теңдеу мен теңдеулер жүйесін шешуде төмендегі мәселелерге назар аударған жөн:

1.Құрылымы әр түрлі теңдеулердің шешімдерін табу әдістеріне үйреткеннен кейін теңдеулер жүйесінің шешімдерін табуға үйрету.

2.Теңдеу мен теңдеулер жүйесі есептемелерін біріктіріп табуға үйрету.

Сөйтіп, математиканы оқытуда теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шығаруды үйрету ғана емес, ол кез келген проблеманы шеше білуде, қиындықты жеңуде, танымдық және ойлау қабілеттерді жетілдіруде маңызды роль атқарады.

СОЦИАЛЬНЫЕ ПАРТНЕРЫ КАК ВАЖНЕЙШАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ДУАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ

Скакова Ж.Е., Базикова К.М.

Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Карагандинский машиностроительный колледж, Караганда, Казахстан

E-mail: kmbazikova@mail.ru

В настоящее время государство и общество заинтересованно в подготовке квалифицированных рабочих кадров, на это ориентирует и Глава государства в своей программной статье [1]. Дуальная система обучения предполагает прямое участие предприятий в профессиональном образовании студентов. Предприятие предоставляет условия для практического обучения и несёт связанные с ним расходы, включая возможную ежемесячную плату студенту. Учебные заведения на равноправной основе сотрудничают с предприятиями, на базе которых осуществляется производственное обучение.

Дуальная система отвечает интересам всех участвующих в ней сторон: предприятий, работников, государства. Для предприятия - это возможность подготовить для себя кадры, экономия на расходах по поиску и подбору работников, их переучивании и адаптации. Для молодых людей - отличный шанс рано приобрести самостоятельность и адаптироваться к взрослой жизни. Уже во время обучения они получают за свой труд на предприятии денежное вознаграждение, а после его окончания - работу, к которой хорошо подготовлены. В выигрыше остается и государство, которое эффективно решает задачу подготовки квалифицированных кадров для своей экономики.

Изучение опыта дуального обучения связано с поездкой в Германию преподавателя специальных дисциплин Скаковой Ж.Е в 2007-2008 годах в рамках международного сотрудничества по программе ИНВЕНТ. В Германии основная нагрузка в области образования лежит на предприятиях, которые тратят на повышение профессиональной квалификации своих сотрудников более 40 млрд. евро ежегодно - больше, чем обходится государству содержание вузов. Государство поддерживает подготовку специалистов на предприятии, финансируя систему профессионально-технических училищ.

Копировать «один к одному» эту форму профессионального обучения мы не можем по объективным причинам: у нас еще нет достаточно разработанной законодательной базы, но отдельные элементы мы пытаемся внедрить. На сегодня колледж тесно сотрудничает с социальными партнерами по внедрению дуального обучения в образовательный процесс. Совершенно очевидно, что подготовить современного специалиста невозможно в отрыве от реальных производственных условий профессиональной практики. Только вместе с работодателями, объединив, свои возможности мы сможем провести модернизацию образования.

Колледж проводит обновление содержания технического и профессионального образования на основе нового профессионального стандарта с учетом запросов и прямым участием социальных партнеров (работодателей). Учебное заведение и социальные партнеры совместно участвуют в разработке гибкой модульной программы для получения нескольких квалификаций студентов. Новое поколение образовательных стандартов основано на компетентностном подходе: современный специалист должен обладать определенным набором социальных и профессиональных характеристик, которые обеспечат ему успешность, мобильность, адаптивность, социальную защищенность на рынке труда и в профессиональной сфере. Для развития практических навыков студентов в учебных планах колледжа увеличивается доля профессиональной практики до 60%. Базами практического обучения колледжа являются более десяти предприятий, в договорах о совместной деятельности и социального партнерства определено активное участие работодателей в процессе подготовки специалистов и трудоустройстве выпускников. Колледж и социальные партнеры, совместными усилиями выявляют и поддерживают талантливых, способных к техническому творчеству студентов, учреждают именные стипендии от работодателей. Эти совместные усилия и намерения по улучшению профессионального образования в сторону практико-ориентированного обучения дают положительные результаты.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://www.inform.kz

ПРИМЕНЕНИЕ MS Excel НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

Сыздыкова Н.К., Устинова Л.В.

Карагандинский государсьвенный университет им. академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан

E-mail:S_NAZYM_1807@mail.ru

В современных условиях информационного общества роль компьютерных технологий в образовательном процессе исключительно велика. Использование информационных технологий в учебном процессе позволяет оптимизировать и модернизировать процесс обучения; осуществлять диагностику и управление учебным процессом; использовать возможности информационных технологий, недоступные в традиционном образовательном процессе; использовать возможности мультимедиа-технологий; организовать разнообразные формы деятельности обучаемых по самостоятельному извлечению и представлению знаний; реализовать принципы многоуровневости, вариативности, личностной ориентации процесса обучения; развивать навыки анализа информации, исследовательской деятельности, стимулировать мотивацию учащихся к обучению; повысить их социальную и профессиональную мобильность, расширить кругозор, способствовать формированию коммуникативных умений.

Компьютер естественно вписывается в жизнь школы и является еще одним эффективным техническим средством, при помощи которого можно значительно разнообразить процесс обучения [1]. Каждое занятие вызывает у детей эмоциональный подъем, даже отстающие ученики охотно работают с компьютером, а неудачный ход игры вследствие пробелов в знаниях побуждает часть из них обращаться за помощью к учителю или самостоятельно добиваться знаний в игре. При регулярном использовании компьютера на занятиях у учеников повышается активность работы на занятии, усиливается интерес к освоению материала; появляется дух состязательности; увеличивается количество положительных эмоций в ходе занятия; появляется устойчивое стремление "победить" компьютер, доказав при этом наличие твёрдых знаний предмета; усиливается интерес к самостоятельной подготовке.

Таким образом, даже при отсутствии специальных учебных программных средств, учитель получает возможность оснастить свой урок в компьютерном классе самостоятельно подготовленными мультимедийными пособиями. Очевидно, что никакая машина не заменит труд учителя, но компьютер может сделать этот труд более эффективным, интересным и для учеников, и для учителя.

Подходящим программным средством в качестве компьютерной поддержки может стать табличный процессор Microsoft Office MS Excel, входящий в пакет программ Microsoft Office, который установлен на большинстве компьютеров. Программа обладает удобным интерфейсом, позволяет легко оперировать с числами, быстро производить необходимые расчёты (например, строить таблицу значений функции), строить различные графики.

Использовать возможности процессора Microsoft Office MS Excel можно при рассмотрении следующих вопросов школьного курса математики [2]:

- построение графиков функций;
- изучение свойств функций;
- преобразование графиков функций;
- решение уравнений и систем уравнений графическим способом.
- решение уравнений способом «Поиск решений».

Например, в 9-ом классе полезно провести урок математики по теме: «Уравнения с одной переменной. Целое уравнение и его корни» в компьютерном классе с использованием программы MS Excel. Одним из способов решения таких уравнений – графический способ, но не всегда им можно получить точное решение, тогда надо выполнить уточнение корней. Программа MS Excel позволяет сделать это быстро и с любой нужной нам точностью, кроме того с помощью этой же программы мы можем построить график.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Панюкова С.В. Информационные и коммуникационные технологии в личностно ориентированном обучении. М.: ИОСО РАО - 2008.
2. Гусева О.Л., Миронова Н.Н. Практикум по MS Excel. - М.: Финансы и статистика, 2009.

ТУЫНДЫНЫ ПАЙДАЛАНЫП ШЫҒАРЫЛАТЫН ПРАКТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР ТУРАЛЫ

Мамбеталиева Т., Тлеулесова А.Б.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: agila_72@mail.ru, tosi_12@mail.ru

Практикалық есептер кейбірі берілген кесіндіде үзіліссіз функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табудан басталады. Математикалық талдау курсында Вейерштрасс теоремасы дәлелденеді: [a,b] кесіндісінде үзіліссіз f функциясы өзінің ең үлкен және ең кіші мәндерін осы кесінді де қабылдайды. f функциясының [a,b] кесіндісінде үзіліссіз жағдайы үшін ғана емес, сонымен қатар осы кесіндіде кризистік нүктелер саны ақырлы екендігін білуге болады. f функциясының ең үлкен және ең кіші мәндерін табудың ережелерін көрсетелік.

Айталық, [a,b] кесіндісінде кризистік нүкте болмасын, онда функция өспелі не кемімелі болады да, оның ең үлкен және ең кіші мәндері кесіндінің ұштарында жатады.

Берілген кесінді де кризистік нүктелері бар функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табу үшін, функцияның барлық кризистік нүктелері мен кесіндінің шеткі нүктелеріндегі мәндерін тауып , табылған сандардың ішінен ең үлкені мен ең кішісін табамыз.

Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табудың жоғарыда айтылған әдісі әртүрлі қолданбалы есептерді шешуде пайдаланылады. Оны табудың жалпы схемасы: 1) есеп функция тіліне "аударылады", сөйтіп бізге ыңғайлы параметр x алынады да, керекті шаманы табу үшін $f(x)$ функциясы қарастырылады; 2) талдаудың көмегімен қандай да бір аралықта функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері ізделінеді; 3) функция тілінде алынған нәтиженің бастапқы берілгендер терминінде қандай практикалық мәні бар екендігін анықтаймыз.

Жалпы практикалық есептерді шешудің математиканы пайдаланып шешу үш негізгі бөліктерден тұрады: 1) формальді, яғни берілген есепті математика тіліне аудару; 2) математикалық есептің шешімі; 3) табылған шешімді берілгендер терминінде алу, яғни математика тілінен бастапқы есеп терминінде алынуы. Жалпы бұл әдіс математикалық модельдеу әдісі деп аталынады.

Мысал: Қабырғасы a болатын темір шаршыдан беті ашық қорап, яғни бұрыштарын қиып, шетін қайырып жасау керек. Оның көлемі ең үлкен болу үшін қораптың қабырғасы қандай болу керек? [1, 155 б.]

Шешім: Қорап қабырғасын a делік,онда кесіліп алынып тасталған кішкене шаршылар қабырғасы $\frac{1}{2}(a-x)x^2$. Мұндағы $0<x<a$. Осылайша есепті $(0,a)$ интервалындағы $V(x)=\frac{1}{2}(a-x)x^2$ функцияның ең үлкен мәнін табуға әкелеміз. $V(x)$ фунциясы сан осінде үзіліссіз, сондықтан $[0,a]$-да функцияның ең үлкен мәнін іздейміз. $V'(x)=ax-\frac{3}{2}x^2$; $ax-\frac{3}{2}x^2=0$, яғни $x=0$ немесе $x=\frac{2}{3}a$;

$$V\left(\frac{2}{3}a\right)=\frac{1}{2}\left(a-\frac{2}{3}a\right)\left(\frac{2}{3}a\right)^2=\frac{2}{27}a^3. \quad \max_{[0,a]}V(x)=V\left(\frac{2}{3}a\right)=\frac{2}{27}a^3.$$

Функция өзінің ең үлкен мәнін $[0, a]$ кесіндісінде, яғни $(0, a)$ интервалында қабылдайды. Берілген шарт бойынша ең үлкен көлем үшін, x- қораптың табанының қандай мән қабылдайтынына байланысты. Табан қабырғасы $\frac{2}{3}a$ болатын қорап, ең үлкен қорап болатынын алынған нәтиже растайды.

Орта мектепте туынды тақырыбын өткенде, онда негізінен туындының физикалық, геометриялық мағынасын ашатын практикалық есептерге аса мән беру қажет деп санаймыз [2]. Тек формула арқылы туынды табуды ғана үйрену, оның практикалық мәніне үңілуге кедергі жасайды. Функцияны туынды көмегімен зерттеу мәселесі де өз деңгейінде жүргізілген жағдайда ҰБТ тапсырушы талапкерге көп көмек болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Алгебра и начало анализа.* Учеб. для 10-11 кл. общеобразоват. учереждений/А.Н. Колмагоров., А.М.Абрамов, Ю.П.Дудницын и др.; Под ред.А.Н.Колмагорова.-13-е изд.-М: Просвещение, 2003. - 384.

2. Оспанов Т.Қ., Құрманалина С.Қ. *Математиканың теориялық негіздері:* Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 352бет.

БӨЛШЕККЕ КЕЛТІРІЛЕТІН ҰҒЫМДАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тулешова Н.Е

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: nazok_92@inbox.ru

Бөлшек – мектеп курсы математикасындағы маңызды тақырыптардың бірі. Бұл тақырыптардағы негізгі ұғымдарды оқушылар игеру үшін өзіндік спецификасы бар «бөлшек» тақырыбының ерекшеліктеріне байланысты әдістеме қажет. Жалпы бөлшектерді орта мектеп бағдарламасында оқытудағы негізгі мәселе оған келтіретін ұғымдарды ашу мен оқу әдістемесін жетілдіру.

Математика бағдарламасына[1] сәйкес бастауыш сыныптарында V және VI сыныптарында өтілетін жай бөлшек пен ондық бөлшектерге дайындық жүргізіле бастайды. Бұл дегеніміз, бастауыш сыныпта балалардың бөлік, бөлшек туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатпен екінші сыныпта балаларды бөлік ұғымымен таныстырып, оларды жазып, салыстырып, санның бөлігі арқылы санды табуға арналған есептер шығарып үйрету керек. Барлық аталған сұрақтар көрнекі түрде қарастырылады.

Жай бөлшектер математика курсында кездесетін алғашқы математикалық абстракция болып табылады. Бөлшек туралы түсінікті қалыптастыру көрнекіліктер пайдаланбаса, кез келген оқушы үшін қиындыққа түсуі мүмкін. Сондықтан бөлшектер тақырыбын түсіндіру барысында әртүрлі ойындар, мысалы «Балалар мозаикасы» ойыны жақсы көмек береді, әрі мұғалім үшін көрнекі құралдардың көмегімен мысал келтіріп, есеп құрастыру жеңіл болады.

Балаларды бөліктермен таныстыру – ол балаларда бөлік туралы нақты түсінікті қалыптастырып, бөліктермен практикалық түрде жұмыс жасауға үйрету. Бөліктер туралы түсініктерін дұрыс қалыптастыру үшін, әртүрлі көрнекі құралдарды жеткілікті түрде қолдану керек. Тәжірибеде көрсеткендей, ең ыңғайлы көрнекі құралдар ретінде қағаздан қиылған геометриялық[2] фигуралар (дөңгелек, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, бөліктер, кесінділер және т.б.) болып табылады. Осы құралдардың тек мұғалімде ғана емес оқушылардың әр қайсысында да болуы қажет. Алдымен бөлік туралы, кейін бөлшек туралы түсініктері оқушылардың өз көздерімен көріп қолдарымен жасағанда ғана дұрыс қалыптасады.

Екінші сыныпта бөлшектерді дәстүрлі емес оқыту жүйесі. "Бөліктер" тақырыбын өту барысында оқушылардың математикалық танымдарын кеңейту мақсатында көрнекіліктерді пайдаланып «бөлік» ұғымын бекітіп, бөлшек туралы түсініктерін қалыптастырады.

Екінші сыныптың *«Математика 2 сынып»* атты ([3]) оқулығында бөлік ұғымымен алғаш рет танысады. Ол үшін түрлі-түсті қағаздардан қиылып жасалған фигураларды, бірлік кесінділерді пайдаланып ауызша есептерді шығарады. Осылайша «бөлік» ұғымын толық бекітіп, бөлшек туралы түсініктерін қалыптастырады.

Үшінші сыныпта бөлшектерді дәстүрлі емес оқыту жүйесі. *Ал үшінші сыныпта*[4] *есеп сәл күрделендіріліп беріледі. Бірақ бұл сыныптарда көрнекілік арқылы ауызша есептейді.* Мысалыі: *«Үш ағайынды бір алманы тең бөлісті. Әр балаға қанша алмадан келеді?»* Оқушылар өз беттерімен есептің шығарылуын *(1:3=)* түрінде шешеді. Есепті шешуде арифметикалық амалды таңдағандықтарын айтады. Оқушылар өз беттерімен тапсырманы орындаған соң, сұрақтың жауабындағы үштен бір бөлшегінің алымы мен бөлімінің мағынасын ұғады.

Төртінші сыныпта бөлшектерді оқыту әдістемесі. Бөлшектермен танысу. Бөлшектердің шығуы бөліктердің шығуы сияқты көрнекі құралдар көмегімен төртінші сыныпта қарастырылады. Сол сияқты балаларды бөлшек сандарды салыстыруға үйрету үшін өзін-өзі бақылау элементтері бар оқу тапсырмаларын берген дұрыс.

"Бөлік" тақырыбын оқу кезінде қарастырылған әдістеме, төртінші сынып оқушыларының бөлшек, алым және бөлім терминдерін және бөлшектердің пайда болуы, оқу, жазу және салыстыруды жеткілікті түрде түсінгенін көрсетеді. Оқу матераилдарын оқыту кезінде дәстүрлі емес әдістемелерді қолдану оқушылардың оқу материалына деген қызығушылықтарын оятып, белсенділіктерін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бағдарлама. Математика. Орта жалпы білім беретін мектептің 5-6 сыныптарына арналған: Алматы 2012
2. Севостьянова Л.В. Любимые игрушки помогают изучать обыкновенные дроби,- газета: Математика 1999 г. № 2 б. 13
3. Математика 2сынып- Т.Қ.Оспанов, Ш.Х. Құрманалина, Ж.Т.Қайынбаев, К.Ә.Ересева, М.В.Маркина: Атамұра 2009
4. Математика. Жалпы орта білім беретін мектептің 1-4 сыныптарына арналған бағдарлама,- Алматы:2003

ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІНЕ БЕРІЛГЕН ЕСЕПТЕР ОҚУШЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Убайдуллаев О.Ж., Қосыбаева Ү.А.
Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан
E-mail: oybek_shoh@mail.ru

Математика ғылым ретінде есептен пайда болған және есеп арқылы дамиды. Мектеп математикасын есепсіз құру мүмкін емес. Математикалық есеп оқушылардың ұғымдарды, теорияны және математика әдістерін меңгерудің тиімді де, айырбасталмайтын құралы болып табылады. Оқушылардың ойлау қабылеттерін дамытуда, оларды тәрбиелеуде, біліктіліктері мен дағдыларының қалыптасуында, математиканың практикамен байланысын көрсетуде есептің алатын орны өте зор.

Математиканы оқытудағы басты мақсаттарға жетуде есеп басты қызметші болып табылады. Сондықтан математика сабақтарының жарты уақыты есеп шығаруға арналады.

Есептің негізгі міндеттері: оқыту, тәрбиелеу, дамыту және бақылау болып табылады. Барлық есептер оқыту міндетін орындайды. Басқаша айтқанда, кез келген есепті шығарғанда оқушы математикалық білім алады, шығару біліктілігі қалыптасады, дағдыға ие болады, яғни математикалық білім деңгейі жоғарылайды. Оқушыларды есеп мазмұны арқылы ғана тәрбиелеп қоймай, оларды есеп шығаруға үйретудің өзі тәрбиелеу болып саналады. Есеп шығару оқушылардың сөйлеу мәдениетіне, мінез-құлқының қалыптасуына, табандылыққа, шыншылдыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, қиындықты жеңе білу сияқты қасиеттерінің тәрбиеленуіне ықпалын тигізетіні аян. Оқушылардың білімін, біліктілігін және дағдысын анықтауды бақылау міндеттері де көбінесе есепке жүктеледі.

Қазіргі таңда орта мектеп және жоғары мектеп орындарында математиканы оқытудың мақсаты-оқырмандарға күнделікті өмірде және қазіргі қоғамда пайдалы еңбек еткенде қажет болатын және де басқа пәндерді оқып меңгеруге, білімін әрі қарай жалғастыруға толық мүмкіншілік беретін математикалық білім, іскерлік және дағдылардың негізін берік және саналы түрде меңгеріп алуын қамтамасыз ету.

Орта мектеп және жоғары мектеп орындарындағы білім беру және тәрбие жұмыстары жеке тұлғаның дамуына толық бағытталған деп айтуға әлі жеткілікті негіз жоқ, себебі білім беру тәжірибемізде әлі де дәстүрлі ақпараттық-түсіндірме тәсілі басымдылық танытады.

Орта мектепте теңдеулер мен теңдеулер жүйесіне байланысты материалдар математика жоспарының негізгі бөлігін құрайды, оған себеп теңдеулер мен теңдеулер жүйесі математиканың әр бөлімдерінде және маңызды қолданбалы есептерді шығаруда кең қолданыс табады. Оқушыларды мектеп қабырғасында теңдеулер мен теңдеулер жүйесі желісінің қолданбалық, теориялық-математикалық желілерімен байланысын құру бағыттарын игерту мәселесі теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешуге үйрету материалдарын талдау мен сапалы игерту мәселесімен тығыз байланысты.

Орта мектептерде теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешу әдістерін беру кезінде қойылатын іргелі мақсаттардың қатарында есептерді тиімді шешу дағдылары мен іскерліктерін дамыту проблемасы жатыр.

Сондықтан орта мектепте теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешуге оқыту әдістемесін құру оқушылардың теориялық білімдерін нақтылаудың, оларды практикада қолдана алу ептіліктерін қалыптастырудың басты құралы ретінде қарастырудың маңыздылығы артады.

Математикада теңдеуді де, теңдеулер жүйесін де өмірде болған немесе болып жатқан құбылысты зерттеу құралы ретінде пайдаланады. Теңдеу мен теңдеулер жүйесін білім қалыптастырудың тиімділігі тұрғысынан қарастырғанда, келесі мәселелерді шешу керектігі туындайды:

1. Құрылымы әр түрлі теңдеулердің шешімдерін табу әдістеріне үйреткеннен кейін теңдеулер жүйесінің шешімдерін табуға үйрету.
2. Теңдеу мен теңдеулер жүйесінің есептемелерін біріктіріп табуға үйрету.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тәжіғұлова Г.О., Мәлібекова М.С. *Ақпараттық технологиялар теориясы.* Оқу құралы. - Қарағанды: ҚарМУ, 2002. – 183 б.
2. Красильникова В.А. *Білімді ақпараттандыру ісінің түсініктемелік аппараты* // Информатика негіздері. – 2005. –№4.- Б.2-6.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП ОҚЫТУ

Шаяхметова Б.К, Сыздыкова Р.А., Искакова Г.Ш., Шаукенова К.С.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан.
E-mail: iskakova@mail.ru, shaukenovak@mail.ru

Ұсынылып отырған жұмыста оқу үдерісінде ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолданып оқытудың пайдалылығы келтірілген.

Кейінгі жылдары оқу үдерісінде ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолданып оқыту Қазақстан Республикасының мемлекеттік Білім беру стандарты бойынша кең таралған. Мұндай оқыту оқытудың тиімділігі мен сапасын арттырады. Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды математикалық пәндердің дәріс, практикалық сабақтар, СОЖӨЖ, СӨЖ сабақтарында қолдануға болады.

Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану артықшылығы:

1.оқытудың жекешеленуі;
2.студенттердің жұмыс істеуі қызықты және көрнекі;
3.оқытушының күнделікті сабақта жұмысының бір бөлігін компьютерге аудару және сабақ барысын әрі қызықты, әрі жан- жақты жоғары деңгейде өткізу мүмкіндігі бар. Анықтамаларды, теоремаларды және беріліп отырған материалды жазып алу үрдісі тезірек жүреді;
4. сабақ барысында тапсырмаларды орындау көлемі артады;
5. сабақта компьютерлік тесті пайдалану оқытушыға аз уақыт ішінде берілген материалды қабылдау деңгейін тексеру мүмкіндігі болады.

Математика сабақтарында ақпараттық технологиялар жаңа түсініктерді беру үшін көрсетуде, модельдеуде, білімін бақылауда, қандай да бір дағдыларын қайталауда неғұрлым тиімді.

Компьютерді қолданудың түрі мен әдісі әрине, оқытушының өзіне және студенттерге қойған мақсатына, осы сабақтың мазмұнына байланысты болады. Сонымен бірге, неғұрлым тиімді әдістерді атап өтуге болады:

1.жаңа материалды меңгеруде компьютер тақырыпты әртүрлі көрнекі құралдармен безендіруге мүмкіндік береді;
2.жаппай өздік жұмыстарды тексеруде- қорытынды нәтижесін тез алуға жағдай жасайды;
3.тапсырманы орындау барысында жұмыс жоспарын құруға, суретін алуға көмектеседі.

Әрбір оқытушы сабақта көрнекі құралдар пайдаланады. Бұл ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы жеңіл болады. Дәріс сабақтарында жаңа тақырыпты түсіндіруде мультимедиялық көрсетілімді қолдану тиімдірек, себебі түсіндіріліп жатқан ақпараттың ішінде студенттердің ойын маңызды бөліктеріне аударуға болады. Оқу материалдарын қайталау және бекіту үшін де мультимедиялық көрсетілімді қолдануға болады. Сонымен бірге көрсетілім арқылы слайдтағы жауаптар көмегімен өзін- өзі тексеруге, тест жүргізуге, теоремалардың геометриялық мағынасын практикада қолдануларын көрсетуге болады.

Сонымен ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану білім берудің сапасын арттыратын қазіргі заманғы оқу үдерісінің бөлінбейтін бір бөлігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Захарова И.Г. *Информационные технологии в образовании.* М., 2003-162 с.
2. *Образование и XXI век. Информационные и коммуникационные технологии.* М:Наука, 1999-191 с.

МАТЕМАТИКАДАН БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Шеризат А.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
E-mail: Aika_61@inbox.ru

Оқу, бағалау, білімді көтеру барлық оқу жүйесі мұғалімдермен оқушылардың қарым-қатынасына негізделген. Осы көзқарас бойынша оқушылардың алып жатқан білімін көтеру өте маңызды. Оқушылардың білімін көтеруді жеңілдетудің оңай жолы ол оқушыларға өткізетін сабақ барысын талқылау. Біздің ойымызша осы сабақ барысы маңызды бірнеше бөліктерден құралу қажет. Олар: білім алу мақсаттары, бағалау және білімді көтеру.

Білім алу оқытуды жақсартатын оқу курсының әртүрлі бөліктерін қамту қажет. Мысалы, оқу жоспары, оқулықтар және үй тапсырмалары. Осы элементтер оқу курсының мақсаттарымен байланысты болу керек. Білім алудың мақсаттары не? Мақсаттар ол оқушылардың не істеу керектігін, оқу курсының соңында нені білу қажеттігін, қандай нәтижеге жету керектігін және оқылған материялдарды меңгергенін дәлелдеу және осыны көрсету қажет. Негізгі білім деңгейі, түсіндіру деңгейі, қабылдау деңгейі, анализдік деңгей, синтездік деңгей және бағалау деңгейі.

Бағалау үйренудің мақсатымен байланысты болу қажет. Бағалау бұл алдын ала жоспарланған және әдістемелік жоспар. Ол оқушының деңгейін бағалауға арналған. Бұл меңгерілген пәнді анықтайтын негізгі өлшем. Бағалау бөлімі ол оқушыларға , ата- аналарға, мұғалімдерге оқушылардың білім деңгейі туралы нақты дерек беретін және оқушылардың нені меңгергені туралы нақты ақпарат беруге мүмкіндік беретін процесс. Сонымен қатар бұл оқыту мен үйретуді жақсартатын қажетті кері байланыс. сонымен қатар оқытушының оқушының білімі туралы ақпарат беретін кері байланыс. Білімді көтеру ол білім жинау, анализдеу, ақпараттарды қолдану секілді әртүрлі процестермен анықталады. Білім алу ол оқу жоспарының әртүрлі мақсаттарымен сайкестендіріледі. Ол тек оқушылардың білім алуы емес басқа да мақсаттармен негізделеді.

Бағалаудың әртүрлі түрі қолданылады. Негізі бағалау екі түрлі категориямен сипатталады:Бірінші категория формативті яғни жай ғана оқушылардың білімін жоғарлату. Екінші сумативті яғни оқушылардың біліміне жай ғана баға қою. Формативті бағалау кейде оқушылар бұл сұрақтарға кездейсоқ жауап бере салады яғни кездейсоқ бұл жауапқа жауап берілген жауаптар ол латерияны латерия белетінен ұтып алынған бал секілді болады. Кейбір мұғалімдер сұрақтың бұл түрін олардың есте сақтау қабілетін жақсартады деп сенеді және олар бұл оқушыларға білім алуға жақсы мүмкіндік бермейді деп ойлайды. Ал сумативті бағалау ол оқушылардың үйренгендерін дәлелдеу мақсатында енгізіледі оның мақсаты оқушылардың білім сапасын жоғарлату және оқу үлгісіне және үйрету әдістеріне өзгерістер енгізу үшін қолданылады. Ал сумативті бағалау ол оқу курсының соңында, симестер соңында жиі қолданылады. Әсіресе бұл оқушылардың алған білімі туралы соңғы шешім шығаруда қолданылады. Кейде формативті және сумативті бағалау екеуі де бірдей мақсатқа қолданылады. Элисон Костың [1] көзқарасы бойынша бағалаудың негізгі мақсаттары мыналар:

Бірінші айтылатын сыни көзқарас ол оқушылардың осы тест сұрақтарына болжау арқылы жауап беруі. Яғни бұл оқушылардың білімін төмендетеді деген көзқарас. Мысалға бір немесе көп нұсқалы сұрақтарда әрқайсысында төрт жауаптан болады және оқушылар ол жерде әр сұрақта 1,6% ғана сенімділігі болады. Бұл олардың дұрыс жауап беруіне кедергілік жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Методы системного педагогического исследования /под ред. Н. В. Кузьминой. −Л., 1980. −172 с.
2. Аванесов В.С. Композиция тестовых заданий: Учебная книга. – М.: Центр тестирования, 2002, 240 с.
3. Bone, Alison (1999). Ensuring Successful Assessment. In Burridge, Roger & Varnava, Tracey (Eds.), Assessment. The National Centre For Legal Education, University of Warwick, Coventry, U.K.

М А З М Ұ Н Ы

ФУНКЦИЯЛАР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АНАЛИЗ
ТЕОРИЯ ФУНКЦИЙ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ
THEORY OF FUNCTIONS AND FUNCTIONAL ANALYSIS

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОСЫМШАЛАРЫ
ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫЕ УРАВНЕНИЯ И ИХ ПРИЛОЖЕНИЯ
DIFFERENTIAL EQUATIONS AND THEIR APPLICATIONS

АЛГЕБРА, МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЛОГИКА ЖӘНЕ ГЕОМЕТРИЯ
АЛГЕБРА, МАТЕМАТИЧЕСКАЯ ЛОГИКА И ГЕОМЕТРИЯ
ALGEBRA, MATHEMATICAL LOGIC AND GEOMETRY

МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛДЕУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ
MATHEMATICAL MODELING AND INFORMATION TECHNOLOGY

МЕХАНИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР МЕН ПРОЦЕСТЕРДІ МОДЕЛДЕУ
МОДЕЛИРОВАНИЕ МЕХАНИЧЕСКИХ СИСТЕМ И ПРОЦЕССОВ
MODELING OF THE MECHANICAL SYSTEMS AND PROCESSES

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МАТЕМАТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
ACTUAL PROBLEMS OF MATHEMATICAL EDUCATION

Ғылыми басылым

МАТЕМАТИКА, МЕХАНИКА МЕН ИНФОРМАТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары

12–14 маусым 2014 ж.

* * *

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРИКЛАДНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МАТЕМАТИКИ, МЕХАНИКИ И ИНФОРМАТИКИ

Материалы международной научной конференции

12–14 июня 2014 г.

* * *

THEORETICAL AND APPLIED PROBLEMS OF MATHEMATICS, MECHANICS AND INFORMATICS

Materials of the International scientific conference

June, 12–14, 2014

Авторлардың түпнұсқасынан басылды

Басуға 05.06.2014 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/8. Қағазы офсеттік.
Көлемі 20,87 б.т. Таралымы 120 дана. Тапсырыс № 50.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасының баспаханасында басылып шықты
100012, Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 38. Тел. 51-38-20